



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың желтоқсан айындағы ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы

2024 жыл, 16 қаңтар

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы деректі жариялады.

2023 жылғы желтоқсанда елде жылдық инфляция баяулап, **9,8%**-ды құрады (қарашада – 10,3%). Өңірлер бойынша жылдық инфляция 16 өңірде бәсеңдеді, 2 өңірде жеделдеді және тағы 2 өңірде өзгеріссіз қалды.

Бұл ретте, желтоқсан айында елдегі **айлық инфляция 0,8%** болды.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Қарағанды, Ақмола және Маңғыстау облыстарында тіркелді.

Желтоқсанда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 8,5%-ға дейін (қарашада – 9,2%) баяулады. Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (11,8%) мейілінше тез, ал Түркістан облысында (7,1%) баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 9,1%-ға дейін баяулады (қарашада – 9,9%). Ең жоғары мән Маңғыстау облысында (12,5%), ең төмен мән Ақтөбе облысында (7,5%) тіркелді.

Желтоқсанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 12,4%-ға дейін өсті (қарашада – 12,0%). Бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Түркістан облысында (18,2%) біршама тез, Қызылорда облысында (9,5%) айтарлықтай баяу өсті.

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz